



Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2024 ж.

«QazaqGaz барлау және өндіру» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ тұлғасында, бірінші тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын, _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыстар) орындауға, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Жұмыстарды қабылдауға және орындалған Жұмыстарға төлем жүргізуге міндеттенеді.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) тең және оған Шарттың талаптарын тиісті түрде орындаумен байланысты барлық шығындар кіреді және Шартта және Тәртібінде аталған жағдайлардан басқа, Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттерін толық орындамағанша өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1-қосымшасында берілген.

2.3. Шарт бойынша төлеу келесі тәртіпте орындалады:

2.3.1. Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

2.4. Орындалған Жұмыстар үшін төлем, соның ішінде Шарт бойынша соңғы есеп айырысу, Тараптардың орындалған Жұмыстардың актісіне қол қойған күннен және келесі құжатты (тарды) бергеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кеш емес мерзім ішінде орындалады:

2.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады;

2.4.2. Шот-фактуралар;

2.4.3. Қағаз және электрондық тасығышта орындалған жұмыстар актісі.

2.5. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін Мердігер 2 данада ресімдейді, қол қояды және Тапсырыс берушіге береді: -Мердігер Шарт бойынша барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін; -немесе екі тарап шартты бұзу туралы келісімге қол қойғаннан кейін және айыппұл санкциялары туындаған жағдайда олардың есебіне екіжақты қол қойғаннан кейін; - немесе Тапсырыс берушіден Шарттың қолданылуын біржақты тәртіппен тоқтату туралы хабарлама алғаннан кейін айыппұл санкциялары туындаған жағдайда олардың есебіне екі жақты қол қою; - кез келген уақытта Тараптардың талабы бойынша.

2.6. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісін (лерін) Мердігер Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (-лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.7. Тапсырыс беруші Мердігердің төлемге құжаттар пакетін кеш берумен/қол қоюмен байланысты төлемді өткізіп алу үшін жауапты емес.

3. Жұмыстарды орындау мерзімі және шарттары

3.1. Жұмыстарды орындау мерзімдері, көлемі және орны осы Шарттың № 1, № 2-қосымшаларында белгіленеді.

3.2. Тапсырыс беруші Жұмыстарды Шарттың № 1, № 2-қосымшаларына сәйкес орындалған Жұмыстардың актісіне сәйкес көлем және сапа бойынша қабылдайды. Жұмыстарды орындау күні Тапсырыс берушінің соңғы орындалған Жұмыстар актісіне қол қойған күн болып табылады.





4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Мердігер міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындау;

4.1.2. Тапсырыс берушіге Орындалған жұмыстар актісімен бірге электрондық құжат нысанындағы Шарт аясында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елшілік құндылық есебін ұсынуға (Веб-порталда ұсынылады);

4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшіліктерді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

4.1.4. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен Жұмыстарды орындауға;

4.1.5. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.6. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

4.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.8. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.9. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қолжеткізуді қамтамасыз етуге;

4.1.10. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімімен Төлем тапсырмалары, Банк кепілдігі түріндегі шарттың жалпы құнынан % 3.00 мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге; Бұл міндеттеме, егер ол Тәртіптің 43-бабы 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Мердігерге қолданылмайды. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін Мердігердің сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы ерекшелікті құрайды. Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Мердігер осы хабарламаны алған күннен бастап Шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер Мердігер Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.



4.1.11. Банк кепілдігі Шартқа №5 қосымшада белгіленген нысан бойынша, ал Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді төлем тапсырмасы түрінде енгізген жағдайда Тапсырыс берушінің есеп шотына KZ48601011000217527 «Қаз ақстан Халық банкі» АҚ, Астана қ., БСК HSBKZKX, BSN 050 840 002 757 ұсынылуы тиіс.

4.1.12. Осындай банктік кепілдіктердің қолданылу мерзімі Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін болуы тиіс.

4.1.13. Шартқа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Тапсырыс берушінің келісуіне Тапсырыс берушінің бекітілген сметасы негізінде жасалған Мердігердің сметасын ұсынуға міндетті. Мердігер сметасының сметалық құны шарттың жалпы құнынан аспауға тиіс;

4.1.14. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі (мұндай талап Жұмыстарға қолданылатын кезде ғана белгіленеді) бойынша оқытудан өткен мамандарды Жұмыстарды орындауға жіберуге;

4.1.15. Өз персоналын тиісті арнайы киіммен және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ қауіпсіздіктің барлық аспектілері бойынша жауапты болатын өз өкілін қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғауға жауапты етіп тағайындау.





4.1.16. Мердігер жұмыстарды орындауға рұқсат алу үшін еңбекті қорғау, өрт-техникалық минимум және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында оқытудан өткенін растайтын құжаттарды, сондай-ақ жұмыстың осы түрін орындау үшін қажетті өзге де құжаттарды ұсынуға міндетті.

4.1.17. Мердігер әсер етуге экологиялық рұқсатта көрсетілген табиғат пайдалану шарттарын сақтауға міндетті.

4.1.18. Мердігер қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарында көрсетілген табиғат қорғау іс-шараларын сақтауға және жүзеге асыруға міндетті.

4.1.19. Мердігер жұмыстарды орындау объектісінде өндірістік экологиялық бақылауды сақтауға және жүзеге асыруға міндетті.

4.1.20. Мердігер парниктік газдардың эмиссияларына және жұмыстарды орындау үшін қажетті су ресурстарын пайдалануға шарт жасасуға, өндіріс және тұтыну қалдықтарын кәдеге жаратуға және/немесе көмуге, жұмыстарды орындау барысында пайда болған қалдықтар мен сарқынды сулардың барлық түрлеріне меншік құқығын бере отырып, өндірістік және шаруашылық-тұрмыстық сарқынды суларды кәдеге жаратуға шарт жасасуға дербес жауапты болады шарт бойынша. Мердігердің көрсетілген төлемдерді енгізу жөніндегі шығындары Тапсырыс берушімен өтелмейді және төленбейді.

4.1.21. Мердігер осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау процесінде арнайы бөлінген алаңдарда жинау, уақытша жинақтау және Мердігердің қызметі нәтижесінде пайда болған өндіріс пен тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату жөнінде қажетті шаралар қабылдауға міндетті.

4.1.22. Мердігер тоқсан сайын қоршаған ортаны қорғау саласындағы қолданыстағы заңнаманың белгіленген нысандарына сәйкес, оның ішінде атмосфералық ауаның ластануының әрбір көзі бойынша нақты эмиссиялардың есептерін, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 2-күніне дейінгі мерзімде Тапсырыс берушіге тоқсан үшін есептілікті қалыптастыруға және беруге міндетті.

4.1.23. Мердігер Шарт шеңберінде мердігер жүзеге асыратын көзделген қызметтен қоршаған ортаға шығарындылар үшін Тапсырыс беруші төлеген шығындарды өтеуге міндетті.

4.1.24. Мердігер осы қызмет түріне тиісті рұқсаты (лицензиясы) бар бөгде ұйымды тарта отырып, тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағынан тыс жерде өндіріс және тұтыну қалдықтарын кәдеге жаратуды/қайта өңдеуді өз есебінен қамтамасыз етуге, сондай-ақ Тапсырыс берушіге бөгде ұйымның өндіріс және тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату/қайта өңдеу туралы ай сайын растайтын құжаттаманы ұсынуға міндетті. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату/қайта өңдеу ҚР Экологиялық кодексінің және өзге де нормативтік актілердің талаптарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинақтау мерзімдері ҚР Экологиялық кодексінің талаптарын бұзбауға тиіс.

4.1.25. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өз қызметкерлерін мерзімді медициналық қарап-тексеруді, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландыруды (мұндай талап Жұмыстарға қолданылатын кезде ғана белгіленеді) жүргізуге;

4.1.26. Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын мердігердің, сондай-ақ оның қосалқы мердігерлерінің қызметкерлері арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеу.

4.1.27. Шартқа қол қойылғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге шартқа №4 қосымшаға сәйкес жұмыстарды орындау кестесін ұсыну қажет.

4.1.28. Орындалған жұмыстарды шарттың мәні бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша орындалған жұмыстардың актісі бойынша тапсыруға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электрондық нысанда шот-фактура (ЭШФ) жазып беруге тиіс.

4.1.29. Тапсырыс берушіге оның бірінші талабы бойынша Жұмыстардың орындалуын растайтын барлық қажетті мәліметтер мен материалдарды ұсыну.

4.1.30. Шарттың №8 қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының талаптарын мүлтіксіз сақтау қажет.

4.1.31. Жұмыс басталғанға дейін Шартқа №7 қосымшаға сәйкес «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС атына ілеспе хатпен өтінім-рұқсаттама беріледі.


4.1.32. Осы Шартқа №6 Қосымшаға сәйкес Өнім берушінің кодексін сақтау.

4.2. Мердігердің:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (дерді) талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уактылы қабылдауды және орындалған жұмыстардың актісіне (леріне) қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;





4.2.4. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең дәрежелі маманмен ауыстыруға;

4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында $\frac{1}{4}$ -ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;

4.2.7. Жұмыстар басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.2.8. Тапсырыс берушіден енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге құқылы.

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

4.3.4. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.5. Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ол енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға міндеттенеді.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Мердігерден ұсынылған өсімпұл, айыппұл және шығын сомасын төлеуді талап етуге.

4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың белгілі бір бөлігін қабылдаудан бас тартуға.

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға.

4.4.4. Мердігердің қызметіне кез келген уақытта араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.5. Мердігерден есептелген айыппұлдардың сомасы ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талабын орындамаған жағдайда өндіріп алуға құқығы бар.


4.4.6. Тапсырыс берушінің Мердігердің елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқығы жоқ.

4.5. Мердігерден Шарт талаптарын тиісінше орындамауы және/немесе басқа да заңсыз әрекеттері нәтижесінде туындаған болса, барлық келтірілген залалдар мен шығындарды өтеуді және Мердігерден Шарт талаптарын тиісінше орындауды талап етуге құқылы.

4.6. Егер Шарт Мердігердің шарттық міндеттемелерді орындамауына не тиісінше орындамауына байланысты бұзылса, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді төлемді қайтармайды.

4.7. Шарттық құжаттардың жағдайларына сәйкес сұратылған ақпаратты ұсынбаған немесе жұмыстарды орындау кестесінде белгіленген мерзімдерді бұзған жағдайда жұмыстарды орындауды тоқтата тұру.

4.8. Техникалық шарттардан, шарттық және нормативтік құжаттардан ауытқу жағдайында, жойылғанға дейін жұмыстардың орындалуын уақытша тоқтата тұру.





4.9. Кез келген уақытта тиісті хабарлама жіберу арқылы жұмыстарды тоқтата тұру.

5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жұмыстардың Шарт талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Орындалған Жұмыстарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілі Жұмыстарды қарап шығу жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Орындалған Жұмыстардың сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде әдеттегі қабылдау тәсілімен анықталмаған кемшіліктер бойынша (жасырын кемшіліктер) Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстарды орындаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күндері ішінде ұсынады. Егер Мердігер 10 (он) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай шағым Мердігер мойындаған болып саналады және Мердігер өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен 15 (он бес) жұмыс күндері ішінде хабарлама алған сәттен бастап Жұмыстың сапасыз бөлігін түзетуге және/немесе Жұмыстың сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

5.4. Егер Тапсырыс беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде Мердігерге Жұмыстардың тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Тапсырыс беруші Жұмысты қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төлем жүргізіледі.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Мердігер Жұмыстарға қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес Жұмыстардың сапасына кепілдік береді. Мердігер осы Шарт бойынша орындалатын Жұмыстар Тапсырыс берушінің Жұмысты қалыпты пайдалануы кезінде конструкция, материал немесе жұмысқа байланысты ақаулар болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Мердігер орындалған Жұмыстар актісіне қол қойылған күннен бастап 36 (тридцать шесть) месяцев белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Жұмыстардың сапасына кепілдік береді.

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде Жұмыстардағы ақаулар анықталса немесе олар Шарт талаптарына сәйкес келмесе, Мердігер Тапсырыс беруші тиісті талаптар қойған сәттен бастап жұмыс күні ішінде 30 (отыз) ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді. Жұмыстардағы жойылған ақауларға кепілдік мерзімі осы ақаулар жойылған сәттен басталады. Жұмыстардағы ақауларды жою жөніндегі барлық шығындарды Мердігер көтереді.

6.4. Егер Жұмыстардағы ақауларды жою бойынша кідіріс Мердігердің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Мердігердің жауапкершілігі:




7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Бірыңғай әдістемеле белгіленген нысан бойынша Жұмыстардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге;

7.2.2. Мердігер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Мердігер әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт жалпы құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарттың сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алуға;

7.2.3. Мердігер Шартпен келісілген Жұмыстарды орындау мерзімдерін негізсіз өткізіп алған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнгізбелік күн үшін уақытында орындалмаған Жұмыстардың құнынан 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шартты жалпы сомасының Шарттың жалпы сомасынан 10%-нан артық болмайтын өсімпұл төлеуге;

7.2.4. Мердігер Жұмыстар бойынша ескертулерді жою Шартпен келісілген Жұмыстарды орындау мерзімдерін өткізіп алған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнгізбелік күн үшін Жұмыстар бойынша дер кезінде жойылмаған кемшіліктердің құнынан 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шартты жалпы сомасының Шарттың жалпы сомасынан 10%-нан артық болмайтын өсімпұл төлеуге;

7.2.5. Мердігер және оның қосалқы мердігерлері жол берген Қазақстан Республикасы азаматтарының және шетел азаматтарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу саласындағы кемсітушілік жағдайлары үшін Мердігер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.





7.3. Мердігер осы Шарт бойынша төленуі тиіс сомадан осы Шарт бойынша Мердігердің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келісуге жауапты.

7.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.4.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, Шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

7.4.2. Мердігер ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасының 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

7.4.3. Тапсырыс беруші Жұмыстарды қабылдауды кідірткен жағдайда Мердігер тапсырыс берушіден Шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, Шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.4.4. Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстар актісіне қол қояды кідірткен жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіден Шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, Шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.4.5. Тапсырыс беруші құжаттарды беруді кешіктірген жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Жұмыстарды орындау үшін Тапсырыс берушінің Мердігерге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Мердігер Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

7.5. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгілеген тәртіппен жолдайды.

7.6. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан Мердігердің Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзғаны үшін оған аударылған және осы шығындарға байланысты туындаған айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.7. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.8. Тұрақсыздық айыбының жалпы сомасы (айыппұл, өсімпұл) Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауға тиіс.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібінде сәйкес енгізіледі.

8.2. Жобаға немесе жасалған Шартқа Мердігерді таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тармағында (тарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге болмайды.

8.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Мердігер өз міндеттемелерін бұзған кезде, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда бұзуға құқылы.


8.3.3. Жұмыста негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

8.3.3.2. Өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда Тапсырыс берушінің Алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің шешімі негізінде (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда);

8.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесінің атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Мердігерге Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.





8.6. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Мердігерге Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарламаны жібереді. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған кезде Мердігер Шартты орындаумен байланысты, оны бұзатын күні іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқығы бар. Алдын ала хабарлама бойынша міндеттемелер Мердігердің шарт бойынша міндеттемелерді авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ауыстыру және (немесе) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бөлігінде бұзған жағдайларына қолданылмайды.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктіріусіз жүзеге асырылады.

9.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың өкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді және до полного и надлежащего исполнения Сторонами принятых на себя обязательств по Договору дейін жарамды, ал өзара есеп айырысу бөлігінде толық аяқталғанша жарамды болады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші тарапқа форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы осындай мән-жайлар басталған кезден бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша нысанда (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ осындай мән-жайлардың басталу фактісін растайтын құзыретті орган берген құжаттарды ұсынуы тиіс.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.


12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.





13.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.


14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

14.2. Мердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс беруші банктер-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы Самұрық-Қазына» АҚ-ға төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты ашуға құқылы екендігімен келіседі.

15. Басқа шарттар

15.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Өнім берушінің кепілдіктері негізінде және оларға адалдықпен сүйене отырып, Өнім беруші: (а) Өнім беруші де, оның үлестес тұлғалары да, Өнім берушінің барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмеген кепілдік береді. Өнім берушінің Шартпен келісімі осы тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды; (б) Өнім беруші Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – Өнім берушінің шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы институттары тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан. (с) Мердігердің атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign





Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізіміне енгізілмеген.

15.2. Егер Мердігердің қандай да бір кепілдігі жалған, анық емес және (немесе) дәл болмаса, Мердігер екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Мердігердің осындай кепілдігінің дәйексіздігі немесе дәл емес болуы нәтижесінде немесе оған байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

15.3. Егер Шартпен келісім жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық Актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданылып жүрген Санкциялық Актінің («Жаңа Санкциялар») қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе және осындай Жаңа Санкциялар: (а) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін және (немесе) (b) осындай Тараптың қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) ұзақ уақыт қол жеткізе алмауына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін және (немесе) (c) өнімді жеткізуді/қызметтерді көрсетуді бұзуға не тоқтатуға әкелуі немесе әкеп соғуы мүмкін; және (немесе) (d) Тараптардың қандай да бірінң елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады және (немесе) (e) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқтырды немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған мұндай төмендеу ықтималдығы бар (бірге – «Жаңа Санкциялардың Салдары»), мұндай Тарап Жаңа Санкциялар қабылданған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты бұл туралы дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

15.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына Жаңа Санкциялардың ықтимал әсеріне қатысты өз ұстанымдарын адал талқылау және келісу үшін, сондай-ақ осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды қоса алғанда («Адал келіссөздер»), Жаңа Санкциялардың осындай теріс әсерін болғызбау немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және ақылға қонымды шаралар туралы Тараптар кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді.

15.5. Тараптар жүргізілген адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды іске асыру үшін 5 жұмыс күні ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, Жаңа Санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

15.6. Тараптар адал келіссөздердің бірінші күні өткізілгеннен кейін 5 жұмыс күні өткен соң келісімге қол жеткізбеген жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа Санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты Жаңа Санкциялар туындаған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама») жіберуге құқылы. Келісімге қол жеткізілмегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда Тарап Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

15.7. Тараптар жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не теңге жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша Жаңа Санкциялар, шарттың 15.8-баптың ережелері себебінен өзгеше түрде орынсыз болған жағдайда келіседі, Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша баламалы валютада төлем жасау Тараптарға Жаңа Санкциялардың салдарын болдырмауға мүмкіндік берген жағдайда басым тәртіппен қолдануға жатады және мұндай жағдайда шарттың 15.5 және 15.6-тармақтардың ережелері қолдануға жатпайды.

15.8. Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не теңге жүзеге асыру Өнім беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша өзге де түрде орынсыз болып қалса, осыны растайды және келіседі, Тапсырыс беруші Өнім берушіні бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны, Тараптармен келісілген («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банктік шотының деректемелерін жазбаша нысанда бірлесіп келіседі, Тараптар келісілген валютада төлемді табысты жүргізу үшін бір біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

15.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 15.8-тармақ теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен қолданылған жағдайда), онда Тараптар, егер немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты өзінің интернет сайтында (www.nationalbank.kz) тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) бағам бойынша Тараптар келіскен өзге банктің жарияламаса, мұндай төлемдерді немесе АҚШ долларымен есеп айырысуды жүзеге асыру мақсаттары үшін осы сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетін болады.

15.10. Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан бірдей заңды күші бар 2 (екі) данада жасалды. Тараптар айырбастайтын





Шартқа қатысты барлық хат-хабарлар және басқа құжаттама осы шарттарға сәйкес келуі керек.

15.11. Осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар оларды жазбаша түрде жасаған және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда оның ажырамас бөліктері болып табылады.

15.12. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі.

16. Тараптардың орналасқан жері және банктік деректемелері

«QazaqGaz барлау және өндіру» Жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі
Астана қ., "Есіл" ауданы, улица Алихан Бөкейхан, здание 12
БСН 050840002757
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ486010111000217527
АО "Народный Банк Казахстана"
Тел.: +7 (717) 255-2315

БСН _____

БСК _____

ЖСК _____

Тел.: _____






Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚКС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
44-1 Р	Газбен жабдықтау / газ тарату желілерінің / жүйелерінің / объектілерінің / станциялардың құрылысы (салу) бойынша жұмыстар, Газбен жабдықтау / газ тарату желілерінің / жүйелерінің / объектілерінің / станциялардың құрылысы (салу) бойынша жұмыстар	"Барханная" кен орнын жайластыру және "Барханная- Амангелді" газ құбырын салу жұмыстары	1.000	1.000	-		2 025 187 480	ҚАЗАҚСТАН, Жамбыл облысы	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап 270 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





Техникалық сипаттама

Тендер құжаттамасының құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.






Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

жылғы №

№ p/c	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың аталуы және қысқа сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		СТ-KZ сертификаты						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты , теңгемен	Шартта елішілік құндылықты , %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	№	Серия	Берген органның коды	Берілген жылы	Берілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (Σ15/Σ7*100%)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:

- Шарт бойынша контрагент немесе оның жеткізушілері бола алатын тауардың Жеткізушісін көрсету қажет.
- Бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы бойынша тауардың коды (ТЖҚ БНА). Келесі мекенжайы бойынша қолжетімді: <http://www.enstru.skz.kz/>
- СТ-KZ сертификатының нөмірі. Мысал: 01214.
- СТ-KZ сертификатының сериясы.
- СТ-KZ сертификатын берген органның коды. Мысал: 650.
- СТ-KZ сертификатының берілген жылы. Мысал: егер 2017 жыл, 7 саны көрсетіледі.
- СТ-KZ сертификатының берілген күні. Мысал: 09.06.2017.
- СТ-KZ сертификатында көрсетілген тауарда елішілік құндылық үлесі (%). Сертификат жоқ болса, 0 тең
- Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шыққан елінің коды.






Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Шарт аясында Орындаушымен немесе қосалқы мердігермен сатып алынған тауарлардың жиынтық сомасы	Шартты орындау аясында жасалынатын/жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық сомасы	Шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің жұмысшыларының жалпы еңбекақы қорында қазақстандық кадрларының еңбекақы қорының үлесі	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6	7 (= $\sum 15(\text{кесте } 1) + \sum 8(\text{кесте } 2)/6 * 100\%$)
						100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.





Договор о закупке работ № _____

г. _____

«__» _____ 2024 г.

Товарищество с ограниченной ответственностью "Разведка и добыча QazaqGaz", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице _____, действующего на основании _____, с одной стороны, и _____, именуемое в дальнейшем «Подрядчик», в лице _____, действующего на основании _____, с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности, как указано выше, «Сторона», в соответствии Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок) и на основании _____, заключили настоящий договор о закупке работ (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Подрядчик, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: • является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; • отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; • оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора.

1. Предмет Договора

1.1. Подрядчик обязуется выполнить работы (далее - Работа), в соответствии с условиями настоящего Договора, а Заказчик обязуется принять и оплатить выполненные Работы на условиях настоящего Договора, при условии надлежащего исполнения Подрядчиком своих обязательств по Договору.

2. Сумма Договора и условия оплаты

